

ЛОГОПЕДТІҢ АТА-АНАЛАРҒА КЕҢЕСІ

Дайындаған: Мұғалім-логопед А.А. Мухтарханова

Баланы қызықтыра отырып, баланың сөйлеу тілін дамыту үшін түрлі ойын жаттығуларды қолдана аласыздар.

Артикуляциялық жаттығулар

Тыныс алу жаттығулары

Саусақ жаттығулары

(Үсақ қол моторикасын дамытуға арналған ойындар)

Тіл ұстарту жаттығулары

Логоритмика

Артикуляциялық жаттығулар

Тіл дыбыстарын жасауда дыбыстау мүшелерінің қызметін артикуляция деп атайды.

Артикуляциялық жаттығулар дегеніміз- артикуляциялық аппарат мүшелерінің қимыл-қозғалысын дамытуға арналған жаттығулар.

Артикуляциялық аппарат мүшелеріне ерін, тіл, таңдай, тіс жатады. Бұл жаттығуларды орындағанда әр бала өзінің сөйлеу мүшесінің жұмысын бақылай алуы үшін міндетті түрде айнаны қолданады. Гигиеналық талаптарға сай, кезекті жаттығуларды орындаған соң қолданатын балаларда қол орамал болуы тиіс.

Ата –аналарға кеңес

1. Отбасыларыңызда, балаларыңызбен ішкі проблемаларыңызды ашық айтуға тырысыңыздар.
2. Өз балаларыңызға өмірде мақсатқа қалай жету қажет екеніне, талап етіңіздер.
3. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар.
4. Әр бастаған жұмыстарын, сөзбен және іспен қолдап отырыңыз.
5. Ешқашан балаға қол жұмсаңыз.
6. Болашақ балаларыңызды жақсы көріңіз, мұқият болыңыз, бұл әсіресе өте қажет.



Мектепке дейінгі жастағы балалардың
тіл дамуында неге назар аудару керек.

Дыбысты айту жағдайы.

Бала алты жасқа қарай барлық
дыбыстарды айта білу керек.

Фонематикалық үрдістердің жағдайы.

Бұл тарауда баланың белгілі
дыбыстармен сөздерді тандау ептілігі,
қарапайым дыбыстық талдау және
синтез дағдыларын білу (сөздегі бірінші
және соңғы дыбыстарды анықтай білу,
дыбыстардан сөз құра білу, дыбыстар
санын санай білу), ба-па-ба, та-ца-та, вы-
вы-фы және т.,б. тіркестерді ажырай
және қайталай білу қарастырылады.



Артикуляциялық жаттығулар



“Бақа жымияды”

Айнаны ал да,
бақамен бірге жыми



“Піл тұмсығы”

Тілді бар мүмкіндігінше
алға қарай созып, ұшын
жоғарғы ерінге тигізбей
көтеру



“Тәтті тосап”

Тілді жалпақ етіп шығару
Жоғарғы ерінді жалау,
тілді ауыздың түп жағына
жинау



“Ине”

Ауыз ашық
Тілді бар мүмкіндігінше
алға қарай созып,
ұшын үшкірлеу



ТЫНЫС АЛУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ

“Допты қақпаға соқ”



- Допты ал
- Футбол қақпасының алдына қой
- Допты қақпаға жәймен үрлеп соқ
- Енді бар деміңмен қатты үрлеп соқ
- Қанша гол соқтың, сана

“Жапырақты ұшыр”



- Терең тыныс алып,
ауызыңмен дем шығару арқылы
жапырақты үрлеп, ұшыр

“Қарды үрле”



- Қарды жай ғана үрле

Тұтығу 3 дәрежесі ажыратылады

I дәреже: жеңіл –

Тез сөйлегенде немесе толғанып сөйлеген кезде ғана байқалады.

II дәреже: орташа –

Бала өзіне таныс ортада жеңіл сөйлеп аз тұтығады.

III дәреже: ауыр түрі –

Тұтығуы күшейіп, ілеспелі жалғас қимылдар байқалады.

Ілеспелі жалғас қимылдар сөйлеу кезінде бетте, мойында, денеде дірілдеп тырысу құбылыстары пайда болады.

*Тұтығуды түзетудегі
логопедиялық жұмыстың
негізгі бағыттары*

Тұтығудың негізгі белгісі – тырысу.

Тұтығу 3 түрге бөлінеді:

*Клоникалық:
Дыбыс немесе буын
қайталана береді.
“М-м-м-м мысық”*

*Тоникалық:
Сөз басында немесе
ортасында
ұзақ тоқталу
“к-іт-ап”*

*Аралас:
Сөз басында,
ортасында*

Локализациясы бойынша (тарылу)

*Дем алу
Дыбыс шығару
Артикуляциялық
Аралас*

Тұтықпа баламен жүргізілетін логопедиялық жұмыстың негізгі мақсаты:



→ *Артикуляциялық сөйлеу бұлшық етін босаңсыту*

→ *Тыныс алуын жақсарту*

→ *“қиын айтылатын” дауысты, дауыссыз дыбыстарға жаттықтыру*

→ *Мәнерлеп сөйлеуге үйрету*

→ *Дауыс ырғағымен жұмыс*

Тұтығу деп сөйлеу қалпының
бұзылуы мен дыбыстар, сөз
буындарын айтқанда немесе
қайталағанда еріксіз мүдіруді
айтамыз.

Тұтығудың себептері

Функционалды тұтығу:

2-5 жасқа дейінгі балаларда пайда болады.

Яғни, сөйлеу жүктемесінің шамадан тыс көп болуы.

2. Қатал жазалау, қорқыту, жанұядағы тынымсыздық,

3. Үлкендермен бала арасында дұрыс
эмоциялық қатынасының орнамауы.

4. Әлжуаздық

5. Тұқым қуалаушылық

Органикалық тұтығу

Орталық нерв жүйесінің органикалық зақымдануынан

А) бас миының жарақаты

Б) нейроинфекция

В) энцефалопатия

Г) ананың жүктілік кезінде инфекциялық ауруымен ауыруы,
қан аздылық, жүрек ақаулығы.